

## 2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы

### *Күшін жойған*

Қарақия аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 11/88 шешімі . Қарақия ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 8 қаңтарда N 11-4-71 тіркелді. Күші жойылды - Қарақия ауданы мәслихатының 2011 жылғы 01 ақпандағы № 34/242 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарақия ауданы мәслихатының 2011.02.01 № 34/242 шешімімен .**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» және «2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 04 желтоқсан 2008 жылғы N 96-IV заңдарына, облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы» N 10/116 шешіміне сәйкес аудандық мәслихат

### **Ш Е Ш І М**

### **Е Т Т І :**

1. 2009 жылға арналған аудандық бюджет 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін :

- 1) кірістер – 4 428 121 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер бойынша – 2 177 230 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер бойынша – 6 646 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
  - трансферттер түсімдері бойынша – 2 244 245 мың теңге;
- 2) шығындар – 4 551 976 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік несиелендіру – 0 теңге, оның ішінде:
  - бюджеттік кредиттер – 0 теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 52092 мың теңге , оның ішінде :
  - қаржы активтерін сатып алу – 52092 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 123 855 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 123 855 мың теңге .

**Ескерту: 1 тармаққа өзгертулер енгізілді - Қарақия аудандық мәслихатының 2009 жылғы 6 ақпандағы N 13/104; 2009 жылғы 21 сәуірдегі N 14/118; 2009**

жылғы 8 мамырдағы N 15/129; 2009 жылғы 26 маусымдағы № 16/133 шешімдерімен.

2. 2009 жылға аудандық бюджеттен кірістерді бөлу нормативтері мынадай көлемде белгіленсін:

- 1)Төлем көзінен ұсталатын кірістен алынатын жеке табыс салығы 0 пайыз;
- 2)Төлем көзінен ұсталмайтын кірістен алынатын жеке табыс салығы 0 пайыз;
- 3)Қызметін біржолғы талондар бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы 0 пайыз;
- 4)Төлем көзінен ұсталатын, шет ел азаматтарының кірістерінен алынатын жеке табыс салығы 0 пайыз;
- 5)Төлем көзінен ұсталмайтын шетел азаматтарының кірістерінен алынатын жеке табыс салығы 0 пайыз;
- б)Әлеуметтік салық 0 пайыз;

Ескерту: 2 тармаққа өзгертулер енгізілді - Қарақия аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 26 маусымдағы № 16/133 шешімімен.

3. 2009 жылға төменгі сатыдағы бюджеттерден облыстық бюджетке 596343 мың теңге сома көлемінде бюджеттік алымдар аударылатыны ескерілсін.

Ескерту: 3 тармаққа өзгертулер енгізілді - Қарақия аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 26 маусымдағы № 16/133 шешімімен.

4 . \*

Ескерту: 4 тармаққа өзгертулер енгізілді - Қарақия аудандық мәслихатының 2009 жылғы 6 ақпандағы N 13/104; 2009 жылғы 21 сәуірдегі N 14/118; 2009 жылғы 26 маусымдағы № 16/133 шешімдерімен.

5.Облыстық бюджеттен 2009 жылға арналған аудандық бюджетке 234 548 мың теңге сомасында ағымдағы мақсатты трансферттер бөлінгені ескерілсін, оның ішінде:

аудандар мен қалалардың мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқыту - әдістемелік кешендер сатып алуға және жеткізуге – 10 261 мың теңге; аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының қызмет жасауын қамтамасыз етуге – 50 000 мың теңге.

5 – 1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 18 648 мың теңге республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер қаралғаны ескерілсін.

5 – 2. Жаңадан пайдалануға берілетін білім беру ұйымдарын күтіп ұстауға – 135 768 мың теңге сомасында республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер қаралғаны ескерілсін.

5 – 3. Ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдауға – 19 871 мың теңге сомасында республикалық бюджеттен

нысаналы ағымдағы трансферттер қаралғаны ескерілсін.

**Ескерту: 5 тармаққа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - Қарақия аудандық мәслихатының 2009 жылғы 6 ақпандағы N 13/104 шешімімен.**

6. Облыстық бюджеттен 2009 жылға арналған аудандық бюджетке білім беру объектілерін дамытуға 54 000 мың теңге сомасында дамытуға арналған мақсатты трансферттер бөлінгені ескерілсін.

6 - 1. Инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыруға – 171 195 мың теңге нысаналы даму трансферті қаралғаны ескерілсін.

**Ескерту: 6 тармаққа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - Қарақия аудандық мәслихатының 2009 жылғы 6 ақпандағы N 13/104 шешімімен, өзгертулер енгізілді - Қарақия аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 26 маусымдағы № 16/133 шешімімен.**

7. Құқық берілсін:

Облыс әкімдігі және аудан әкімдігі қаулыларымен бекітілген тәртіптер мен ережелерге сәйкес:

ауылдық (селолық) елді мекендерде және қалалардың әкімшілік бағынысты аумағында орналаспаған поселкелерде жұмыс істейтін мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық және фармацевтика қызметкерлеріне, мемлекеттік қамсыздандыру ұйымдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік мәдениет және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне бір жолғы коммуналдық қызметтерді өтеуге және отындарды сатып алуға 10 000 теңге көлемінде;

қалалардың әкімшілік басқаруындағы аумақтарда орналаспаған ауылдық (селолық) елді мекендерде және поселкелерде жұмыс жасайтын мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының медицина және фармацевтика қызметкерлеріне, әлеуметтік қамтамасыз ету мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлеріне, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлеріне 25% жоғары жалақы (тарифтік мөлшерлеме) белгіленсін.

Сырт көмекке зәру жалғыздікті мүгедектерге күтім бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша үстемақыға;

Нан - бөлке өнімдеріне бағаның өсуіне байланысты жекелеген санаттағы азаматтарға ай сайынғы өтемақы төлеуге, бір айлық есептік көрсеткіштің 50 пайыз мөлшерінде қосымша үстемақыға;

Бір жолғы материалдық көмек:

Тіс протездерін дайындауға арнап Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және Чернобыль АЭС мүгедектеріне 10 мың теңгеге дейін;

амбулаториялық емдеу кезінде дәрі - дәрмек сатып алу үшін Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 5 мың теңге;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектеріне - облыстық газеттің біреуінің жылдық жазылу құнының сомасында;

Аз қамтамасыз етілген және аса мұқтаж азаматтарға бар қаржы көлеміне сәйкес бір жолғы материалдық көмек;

Азаматтардың жекелеген топтарына айтулы күндерге біржолғы материалдық көмек :

Жеңіс күніне (9 мамыр)

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 30 мың теңге көлемінде ;

Ауғанстандағы соғыстың мүгедектеріне – 25 мың теңге;

Ауғанстандағы соғысқа қатысушыларға – 15 мың теңге;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар - ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына – 10 мың теңге;

Чернобыль АЭС- індегі апаттың салдарынан мүгедек болғандарға 20 мың теңге ;

1986 - 1987 жылдары Чернобыль АЭС - індегі апаттың, сондай - ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілерді басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай - ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға 15 мың теңге;

1988 - 1989 жылдардағы Чернобыль АЭС – дағы апаттың зардаптарын жоюға қатысушылардың, қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларды қоса алғанда , оқшаулау және көшіру аймағынан қоныс аударғандардың (өз еркімен кеткендердің) және Қазақстан Республикасына қоныстанғандардың қатарындағы адамдарға 10 мың теңге ;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы ҚСР одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға – 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1941 жылдың 22 маусымынан бастап 1945 жылдың 9 мамырына дейінгі кезеңде кемінде 6 ай жұмыс істегені туралы еңбек кітапшасында жазбасы немесе мұрағаттық анықтамасы бар тыл еңбеккерлеріне – 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

Ұлы Отан соғысында қаза болған, өлген, хабарсыз кеткен жауынгерлердің екінші рет некеге отырмаған жесірлеріне – 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

Ленинград қоршауының тұрғыдарына 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Фашистік концлагерлер тұтқындарына - 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

Қарттар күніне (1 қазан) :

Жасы 70 - тен асқан қарттайған жалғыздікті зейнеткерлерге - 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

Мүгедектер күніне (жыл сайын қазанның екінші жексенбісі);

16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға - 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын 1 - ші және 2 - ші топтағы мүгедектерге - 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қазақстан Республикасы күніне (25 қазан);

Асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға - 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ай сайынғы қосымша үстемақы:

облысқа сіңірген еңбегі үшін дербес зейнетақы тағайындалған адамдарға - 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төлеуге – 45 мың теңге;

Қазақстан Республикасына көшіп келу квотасынан тыс келіп жатқан оралмандарға, бірге тұратын 18 жасқа дейінгі төрт және одан да көп балалары бар оралман отбасыларға өтемақы төлеуге – 625 мың теңге, аталған оралмандарға қаражат отбасына 50 еселік есептік көрсеткіш есебінен бөлінетін болып белгіленсін ;

Ауданның жалпы білім ұйымдарының түлектеріне Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмек төлеуге – 14078 мың теңге;

Үйден тәрбиленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуді төлеуге – 1 млн. теңге.

8. Аудан әкімдігінің резерві 36695 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту: 8 тармаққа өзгертулер енгізілді - Қарақия аудандық мәслихатының 2009 жылғы 6 ақпандағы N 13/104; 2009 жылғы 21 сәуірдегі N 14/118; 2009 жылғы 8 мамырдағы N 15/129; 2009 жылғы 26 маусымдағы № 16/133 шешімдерімен .**

9. Республикалық бюджеттен 1 647 010 мың теңге нысаналы даму трансферттері қаралғаны ескерілсін, оның ішінде;

– Білім беру объектілерін салу және реконструкциялауға – 248 221 мың теңге;

– Сумен қамту жүйесін дамытуға – 799 372 мың теңге;

– Жылу - энергетика жүйесін дамытуға – 452 417 мың теңге;

– Инженерлік – коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыруға – 147 000 мың теңге.

**Ескерту: 9 тармақпен толықтырылды - Қарақия аудандық мәслихатының 2009 жылғы 6 ақпандағы N 13/104 шешімімен.**

10. 2 - қосымшаға сәйкес бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған аудандық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

11. 3 - қосымшаға сәйкес, аудандық бюджеттің атқарылу үрдісінде секвестрге жатпайтын 2009 жылға арналған бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

12. Осы шешім 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихаттың*

*х а т ш ы с ы*

*Е. Бажиков* *А. Мееров*  
 Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы  
 26 маусымдағы № 16/133 шешіміне  
 1 – ҚОСЫМША

Ескерту: 1,2,3 қосымша жаңа редакцияда - Қарақия аудандық мәслихатының 2009 жылғы 6 ақпандағы N 13/104; 2009 жылғы 21 сәуірдегі N 14/118; 2009 жылғы 8 мамырдағы N 15/129; 2009 жылғы 26 маусымдағы № 16/133 шешімдерімен.

## **2009 жылға арналған аудандық бюджет**

Сан	Сын	ІшкСын	Атауы	Сомасы, мың тенге
1	2	3		
			<b>1.КІРІСТЕР</b>	4 428 121
1			<b>САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР</b>	2 177 230
	01		Табыс салығы	0
		2	Жеке табыс салығы	
	03		Әлеуметтік салық	0
		1	Әлеуметтік салық	
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 158 472
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	17 820
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны үшін (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	938
2			<b>САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР</b>	6 646
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	320
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кіріс бөлігінің түсімдері	20
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	300

	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	5
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	5
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	21
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	21
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	5 400
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	5 400
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	900
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	900
4			<b>ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ</b>	2 244 245
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 244 245
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 244 245
<b>Фтоп</b>	<b>Әкімші</b>	<b>Бағ</b>	<b>Атауы</b>	<b>Сомасы, мың теңге</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>		
			<b>2. ШЫҒЫНДАР</b>	<b>4 551 976</b>
01			<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>	<b>112 469</b>
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	11 290
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	11 290
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	39 362
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету	39 362
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село) ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	41 352
		001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдық (селоның) ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету	41 352
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	20 465

		001	Экономика және қаржы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	15 465
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	3 000
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау , бағалау және сату	2 000
03			<b>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</b>	<b>2 900</b>
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 900
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2 900
04			<b>Білім беру</b>	<b>1 438 024</b>
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село) ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	139 112
		004	Мектепке дейін тәрбие ұйымдарын қолдау	139 112
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	996 691
		001	Білім беру бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	9 624
		003	Жалпы білім беру	930 073
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	10 261
		006	Балалар үшін қосымша білім беру	37 940
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	2 436
		010	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен білім берудің мемлекеттік жүйесіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу	6 357
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	302 221
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	302 221
06			<b>Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру</b>	<b>163 957</b>
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	163 957
		001	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	11 136
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	67 019
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру , әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	12 000
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	19 377
		006	Тұрғын үй көмегі	11 915
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	31 093



	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 000
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	280
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	6 787
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	1 833
	017	Мүгедектерді оналту жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және ымдау тілі мамандарының жеке көмекшілердің қызмет көрсету	1 517
07		<b>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық</b>	<b>336 135</b>
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала,кент, ауыл ( село) ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	5 720
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	0
	011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	5 720
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	15 834
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге	3 200
	015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	11 634
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	1 000
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	314 581
	004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру	310 116
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	4 465
08		<b>Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік</b>	<b>89 008</b>
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село) ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	44 256
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	44 256
457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	28 662
	001	Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	7 113
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	14 421
	009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3 546
	010	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	3 582
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	16 090
	001	Ішкі саясат бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	6 350

		002	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу	9 740
09			<b>Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану</b>	<b>472 917</b>
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	472 917
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	472 917
10			<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>	<b>1 161 261</b>
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село) ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	171 686
		019	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда ( селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	171 686
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	16 214
		012	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда ( селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	16 214
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	21 742
		099	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	21 742
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) жер қатынастары бөлімі	5 747
		001	Жер қатынастары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	5 747
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	945 872
		012	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	945 872
11			<b>Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі</b>	<b>10 905</b>
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	10 905
		001	Қала құрылысы, сәулет және құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	10 905
12			<b>Көлік және коммуникация</b>	<b>66 297</b>
	458		Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	66 297
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	66 297
13			<b>Басқалар</b>	<b>101 467</b>
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	36 695

	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) жергілікті атқарушы органының резерві	36 695
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	5 884
	001	Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамсыз ету	5 884
454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	6 796
	001	Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қамтамсыз ету	6 796
15		<b>Трансферттер</b>	<b>596 636</b>
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	596 636
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	293
	007	Бюджеттік алулар	596 343
		<b>3. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ БЕРУ</b>	<b>0</b>
		Бюджеттік кредиттер	0
	009	Тұрғын үй салуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне несие беру	0
		<b>4. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО</b>	<b>52 092</b>
		Қаржы активтерін сатып алу	52 092
13		<b>Басқалар</b>	<b>52 092</b>
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	52 092
	014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	52 092
		<b>5. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТ)</b>	<b>123 855</b>
		<b>6. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН (ПРОФИЦИТІН ҚОЛДАНУ) ҚАРЖЫЛАНДЫРУ</b>	<b>123 855</b>

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы  
26 маусымдағы № 16/133 шешіміне  
2 - ҚОСЫМША

Ескерту: 2 қосымша жаңа редакцияда - Қаракия аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі N 14/118; 2009 жылғы 8 мамырдағы N 15/129; 2009 жылғы 26 маусымдағы № 16/133 шешімдерімен.

**БЮДЖЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ( БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ) ІСКЕ АСЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН**

## АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТТИҢ 2009 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТТІК ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

Фтоп	Әкімші	Бағ	Атауы
			<b>Инвестициялық жобалар (бағдарламалар)</b>
04			<b>Білім беру</b>
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау
07			<b>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық</b>
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту
09			<b>Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану</b>
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту
10			<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі
		012	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту
			<b>Жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту</b>
13			<b>Басқалар</b>
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы  
26 маусымдағы № 16/133 шешіміне  
3 - ҚОСЫМША

Сноска: 3 қосымша жаңа редакцияда - Қарақия аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 8 мамырдағы N 15/129; 2009 жылғы 26 маусымдағы № 16/133 шешімдерімен.

## 2009 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНДАР МЕН ҚАЛАЛАР БЮДЖЕТТЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУ ПРОЦЕСІНДЕ СЕКВЕСТРГЕ ЖАТПАЙТЫН БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ТІЗБЕСІ

Фтоп	Әкімші	Бағ	Атауы
04			<b>Білім беру</b>
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі
		003	Жалпы білім беру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК